

## Қазақ мемлекеттік заң университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 25 наурыздағы N 412

Қазақ мемлекеттік заң университетінің студенттерінің қатарынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жүйесіне запастағы офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік заң университетінде әскери кафедра құрылсын.
2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп:  
әскери кафедраның құрылымы мен штат санын әзірлесін және бекітсін;  
әскери кафедраны профессор-оқытушылар құрамы мен қосымша-оқу қызметкерлерімен толықтырылсын;  
әскери даярлық бейінін ескере отырып оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындасын және бекітсін;  
әскери кафедраның оқу-материалдық базасын жинақтасын.
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оқу процесін жүргізу үшін әскери кафедраны әскери даярлық бейініне және оқу жоспарларына сәйкес әскери мүліктермен қамтамасыз етсін.

4 . < \* >

**Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*